

**"Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжаттың нысанын және оны толтыру мен беру, оған өзгерістер (толықтырулар) енгізу, оны кері қайтарып алу (жою) және (немесе) оның қолданылуын қайта бастау, сондай-ақ тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұзарту және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу бойынша операциялар нәтижесінде түзілген қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 392 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 7 сәуірдегі № 211 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжаттың нысанын және оны толтыру мен беру, оған өзгерістер (толықтырулар) енгізу, оны кері қайтарып алу (жою) және (немесе) оның қолданылуын қайта бастау, сондай-ақ тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұзарту және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу бойынша операциялар нәтижесінде түзілген қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 392 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 1, 2 және 3-нысандардағы бүкіл мәтін бойынша " тегі, аты, әкесінің аты", "Т.А.Ә." деген сөздер "тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеу және тауарларды ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжатты толтыру және беру, оған өзгерістер (толықтырулар) енгізу, оның қолданысын кері қайтарып алу (жою) және (немесе) қайта бастау, сондай-ақ тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұзарту және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу жөніндегі операциялардың нәтижесінде пайда болған қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану қағидаларында:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу жөніндегі операциялар нәтижесінде түзілген қалдықтар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 1 немесе 3-нысандар бойынша өтініш берушінің тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжатты беруге арналған өтініштерінің негізінде қайта өңдеудің технологиялық процесіне сәйкес одан әрі коммерциялық пайдалануға жарамсыз деп танылады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

3) тармақшаның 1, 2 және 3-абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі:

ЕАЭО СЭҚ ТН V бөлімі – Минералды өнімдер;

ЕАЭО СЭҚ ТН VI бөлімі – 2844, 2845 қосалқы позицияларын қоспағанда, химиялық және онымен байланысты өнеркәсіп салаларының өнімдері;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі:

ЕАЭО СЭҚ ТН V бөлімі – "Минералдық отын, мұнай және олардан айырып алынатын өнімдер; битуминозды заттар; минералды балауыздар" қоспағанда, минералды өнімдер (27-топ), 2701, 2702, 2703 00 000 0, 2704 00, 2705 00 000 0, 2706 00 000 0, 2707, 2708 қосалқы позициялары;

ЕАЭО СЭҚ ТН VI бөлімі – Химиялық және онымен байланысты өнеркәсіп салаларының өнімдері (2844, 2845 қосалқы позициялары).";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

бүкіл мәтін бойынша "тегі, аты, әкесінің аты", "Т.Ә.А." деген сөздер "тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*